

Тукбаев А.Қ.¹, Садақбаев Т.Т.²,

Қайнар академиясының ¹филология магистрі, ²доценті, ф. ф. к.,
Алматы қ., Қазақстан, e-mail: azattk@mail.ru

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІГІ МЕН ТІЛІ

Мақалада Қазақстанның әйгілі жазушысы Әбіш Кекілбаев шығармашылығының көркемдігі мен тілі жөнінде жазылған.

Шығармаларының тіл байлығы, сөз баптауы, қазақ тіліне тән сөз орамдары – Ә. Кекілбаев туындыларының аса бір құнды қырлары болып табылады. Қаламгер шығармашылығының негізгі арқауы – тарихи тақырыпқа арналған. Қазақ әдебиетінде айтарлықтай із қалдырған халық жазушысының кейбір шығармалары мен аудармаларын талдау арқылы мақала авторы қоғам қайраткері, халық жазушысы, жазушылардың бірегейі Әбіш Кекілбаевтың қайталанбас еңбектеріне баға беруге тырысқан.

Әбіш Кекілбаевтың әр туындысы – халық мұрасы болып танылғаны белгілі. Қазақ тіліміз – мемлекеттік тіліміз, рухани байлығымыз. Тіл байлығын барынша ашып, тарих сырларын, өз ойларын толық танытып, оны оқырманға ерекше көркемдікпен жеткізе білген Әбіш Кекілбаев екені сөзсіз.

Түйін сөздер: шығарма көркемдігі, тарихи тақырып, қазақ әдебиеті.

Tukbaev A.K.¹, Sadakbaev T.T.²,

¹Master of Philology, ²PhD, A/Professor of Academy of Kainar,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: azattk@mail.ru

Artistry and language of works by Abish Kekilbayev

In this article the artistry and language of the works of the famous writer of Kazakhstan Abish Kekilbayev are considered.

The copious vocabulary, elegant manner of presentation and verbal expressions of the Kazakh language are one of the most valuable aspects of Kekilbayev's works. The main part of the writer's work is devoted to the historical theme. The author of the article tried to evaluate the works of the famous writer Abish Kekilbayev, who left a significant mark in Kazakh literature, having analyzed some of his works and translations. It is known that each masterpiece of Abish Kekilbayev is known as a national heritage. Kazakh language is a state language, our spiritual wealth. Undoubtedly, Abish Kekilbayev, who has a great deal of language proficiency, has been able to fully present his thoughts and historical truth to the reader.

Key words: artistry of the work, historical theme, Kazakh literature.

Тукбаев А.Қ.¹, Садақбаев Т.Т.²,

¹магистр филологии, ²к. ф. н. доцент академии Кайнар,
г. Алматы, Казахстан, e-mail: azattk@mail.ru

Художественность и язык произведений Абиша Кекилбаева

В статье речь идет о художественности и языке произведений известного писателя Казахстана Абиша Кекилбаева.

Богатый словарный запас, изящная манера изложения и словесные обороты казахского языка являются одним из самых ценных аспектов произведений А.Кекильбаева. Основная часть работы писателя посвящена исторической теме. Автор статьи попытался оценить работы

известного писателя А. Кекілбаева, оставившего значительный след в казахской литературе, проанализировав некоторые его труды и переводы. Известно, что каждое произведение Абиша Кекілбаева считается национальным достоянием. Казахский язык – это государственный язык, наше духовное богатство. Несомненно, Абиш Кекілбаев, раскрывая многообразие словарного запаса казахского языка, смог полностью представить свои мысли и историческую действительность своему читателю.

Ключевые слова: художественность произведения, историческая тема, казахская литература.

Кіріспе

Әбіш Кекілбайұлының алғашқы өлеңдер жинағы «Алтын шуақ» 1962 жылы және «Бір шөкім бұлт» 1965 жылы жарық көрді.

Ауыл өмірінен жазылған повесть, әңгімелер жинағы «Дала балладалары» деп аталып, оның жазушылық болашағын танытқан. 1974 жылы «Дәуірмен бетпе-бет» сын мақалалар жинағы, «Бір уыс топырақ», 1979 жылы «Тырау-тырау тырналар» атты әңгімелері, Маңғыстау түбегінің өткені, бүгіні, болашағы туралы «Ұйқыдағы арудың оянуы» тарихи танымдық баян, 1982 жылы «Шыңырау» повестер жинағы, 1992-1993 жылдары «Таңдамалы екі томдық», 1995 жылы «Заманмен сұхбат», 1998 жылы «Азаттықтың ақ таңы», публицистикалық мақалалары, толғамдары, 1999 жылы 12 томдық шығармалар жинағы жарыққа шыққан.

Әбіш Кекілбайұлының 1981 жылғы «Үркер» және 1984 жылғы «Елең-алаң» романдары қазақ әдебиетінің үлкен табысы ретінде бағаланып, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығын алды.

2001 жылы шыққан «Талайғы Тараз», 2002 жылы шыққан «Шандоз» атты тарихи тақырыпты, ғылыми деректі еңбегі, 2009 жылы «Сыр десте» деп аталатын автордың көп жылдық ой-толғаулары, эссе, естелік, сөйлеген сөздерінің 5 томдық жинағы сөз қадірін білетін, жүрек сырын түсінетін әдебиет сүйер қауымға жол тартты.

«Аш бөрі», «Ең бақытты күн», «Ажар», «Жүнді барақ», «Ақ қайың», «Ор теке», «Ауыз», «Көлденең көк атты», «Есболай», «Тасбақаның шөбі», «Керек адам», «Міне, керемет!», «Ақырғы аялдама», «Галстук сатушы қыз», «Абылай хан», «Белая береза», «Встречный-поперечный», «Ну и чудеса!», «После встречи» сияқты әңгімелері, «Бір шөкім бұлт», «Күй», «Бәйгеторы», «Шыңырау», «Бәсеке», «Ханша дария хикаясы», «Құс қанаты», «Бір шок жиде», «Шеткері үй» повесттері, «Үркер» мен «Елең-Алаңнан» басқа «Шандоз», «Аңыздың ақыры», «Конец легенды», «Плеяды – созвездие надежды», «Всполохи» атты романдары, сонымен қоса: К. Гоцидің «Туранбике ханшайым»,

А.П. Чеховтың «Ваня ағай», Вальехо Антонио Буэроның «Бүгін мейрам, бүгін той», Генрик Ибсеннің «Үрей», Л. Дарконың «Сүйіктім менің, Электра!», У. Шекспирдің «Ромео мен Джульетта», «Кориолан», «Король Лир», М. Фриштің «Ғылым қуған Дон-Жуан» атты аудармалары да қазақ әдебиетіне қосылды.

Тәжірибе

Бұл мақала бүгінгі заман талабына, мәселесіне десе де болғандай қажет тақырыптардың бірі. Тілдің өткені-кеткені болмайды. Тілді пайдаланып біз ата-бабамыздың тарихын да біле аламыз. Ал халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтың туындыларының айшығы – тарихи романдар.

Тілдің әлеуметтік мәні бар болғандықтан, тіл құндылығына арналған тәжірибелер, талқылаулар, нәтижелер, қорытындылар, көркемдікті пайдалану сияқты әдістік зерттеулер жүргізіліп жатады. Ал осы тәсілдерді жоғарыда аталған бес беттік мақала авторына толықтай пайдалануға мақала көлемі мүмкіндік тудырмағаны байқалады.

Ә. Кекілбаевтың осындай мол шығармашылығының көркемдігі мен тілін сөз етсек, алдымен қазақ тілінің лексикалық құрамын, фонетикалық жүйесін, грамматикалық құрылысын білу маңызды. Ол үшін лексика, фонетика, грамматика, орфография, стилистиканы білген жөн. Тіл білімінің осы салаларына байланысты ұғымдар мен грамматикалық құбылыстар жалаң баяндалмайды. Оларды талдаудың: морфологиялық талдау, фонетикалық талдау, сөйлем мүшелеріне, сөз тіркестеріне талдаудың үлгілері бар.

Тіл – жазушы үшін қажет құрал. Тіл құдіреті шексіз. Ол көркемдікті, ал көркемдік шеберлікті қалайды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Көркем шығармаларда тіл ерекше эстетикалық сезім тудырады. Оқырманға әсерлі болу үшін, ойды образды түрде жеткізеді. Көркем шығармада сөздер көбінесе тура мағынада

емес, астарлы түрде қолданылады. Сол себептен де көркем әдебиет тілі – түрлі-түсті бояулы, бейнелі, мәнерлі болып келеді. Алайда, тілдің де тілі бар. Әркім әрқалай сөйлейтіндіктен, тіл де бірде қарапайым, бірде түсініксіздеу, бірде қай жағынан болсын құйылып, жанынды баурай бастайды. Ал оқырман көңілін жаулау үшін әр автор көркем тілімен қоса шығармасының мазмұн жүйесіне көңіл бөліп, образдарға тән сөз, суреттеу, келбеттеу, сипаттау т.б тәсілдерді пайдаланып, дыбыс үндестігіне, тенеулер, айқындаулар, айшықтаулар секілді ережелерді сақтауға тиіс. Сонда ғана жазушылық кәсіпті сүйіп, көңілмен жазған жазушының сөйлемдері сөйлеп, қуанып, реңжіп, кейде саясаттанып, назданып, идея тастап, кейде билеп дегендей оқырмандар жүрегін жаулап жатады. Мәселен, Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» романындағы мына бір эпизодтарды алайық: «...Итжеместей олпы-солпы адамдардың дүниедегі сухандары сүймейтін екі нәрсесінің бірі – көз де, екіншісі – сөз... Екеуі де – анау от басында. ...Дүниеде не көп десе, білмейтіні көп екен. Манағы көргені башқұрттың да, жоңғардың да қолы емес, кәдімгі қашқан құланның шаңы боп шыққаны. Құғыншыдан үркіп жөңкіле қашқан тағы үйір жолында не тұрса да, қарамапты. Айдалада жалғыз жайылып тұрған бурыл байталды да қақпайлап әкеп, өздерімен бірге аранға жығыпты. Енді болмағанда Итжеместің өзін де тұяқтарының астына сап, тапап кететін түрлері бар екен. Байтал түгіл бас қайғы деп безе жөнелгені мұндай абырой болар ма! Өкшесі күнге шағылысып зытып бермесе, Итжемеске қазір мынандай ылжырап піскен тәтті тамақ бұйырар ма еді, бұйырмас па еді...». Осы үзіндінің өзінде қаншама үрей мен қаншама қуаныш бар. Ал мына бір сөйлемдерде қаншама үміт, сезімдер мен жан таңғалысы шектен асып жатыр: «...Мұндай ұлы дүрмек саятшылыққа кейде ел басы, ру басылардың өзі бастап шығатын көрінеді. Манағы Итжеместің қақ алдында көк ат мініп тұра қалған ақ сұр кісі хан дейді. Кәдімгі Әбілқайыр хан сол көрінеді.

Мұны естігенде Итжемес түйіліп қала жаздады. Ол білетін қазақта не көп – сұлтан көп, би көп, батыр көп, – әйтеуір ел үстіндегі ұлық көп. Бұрын-соңды ондайлармен табақтас болмақ түгілі, ондай дәурен ойына кіріп көрмеген Итжемес ханның қосынан бір-ақ шыққанын білгенде қақалмағанда қайтсін! Қолындағы кәрі жілікті ауызына апара алмай біраз отырды. Тек құрсағына кіріп алған әлдебір аш тышқан: «Ау, неге кідірдің?» – дегендей, тағы да шиық ете қалғанда барып, жалма-жан апыл-құпыл асай ба-

стады. Асаған сайын қарыны ғана емес, көңілі де тоғая түсті». Хан ордадағы қаңқасапқа тап болып жатқан қазақ көп қой дейсің бе? Ондай нәпақа да бұйыратын кісісіне ғана бұйыратын шығар. Итжемеске құдай берудей-ақ берген екен...».

Ия, көркем сөз – образ жасаудың сырлы бояуы. Көркем сөз арқылы әдемі образ, әсерлі көрініс, жақсы мінез-құлық, әсем өмірді т.б. сипаттауға, бейнелеуге, әсерлеуге болады. Осы көркем сөз арқасында әдеби тіліміз көркем де көрікті әрі сұлу тіл болып қабылданады.

Әдеби көркем тіл – әр түрлі әдебиет жанрлары арқылы халықтың қоғамдық өмірін, саясатын, тұрмысын, мәдениетін, әдеби-рухани дамуын суреттейді.

Әдеби тілмен оқиғаларды оқырманға ашып қана қоймай, оның көңіл-күйіне әсер етуге де болады. Ондай көңіл-күй көркем шығарманың тілінен байқалады. Туынды көркем шығу үшін, онда тіл саласының барлық заңдылықтары қолданылып жатады. Тілді шешендікпен пайдалану әр автордың туа біткен шеберлігіне, дүниетанымына, сезіну қабілетіне байланысты. Әбіш Кекілбаевте осы тіл ережелерінің бәрі сақталғандықтан, шығармашылығының тілі шұрайлы да сипаттауға жеңіл, әрі бейнелі де көркем. Мәселен, Әбіш Кекілбаевтың «Шыңырау» повестіндегі Еңсептің: «Бақыт қуған адамның тапқан бақытынан – жоғалтқан бақыты көп болса керек... Шыңыраудың табанында тұрып: «Су көзіне жетем!» – дегізуіндегі леп белгі қойылатын пафостық сөздер де айтқан тілді бейнелеп мәнін аша түскен. «Тізгін біліксізге емес – біліктіге, парықсызға емес – парықтыға бұйырса ғана әділдік аяққа басылмайды, тәртіп тәрк болмайды. Тәртіп пен әділдік жоқ жерде елдің де бағы ашылмайды» – деп ой тастауы да қауымға жағатын философиялық тіл.

Жазушының «Есболай» атты әңгімесін алайық: «...Осы күні жұрт аузын ашса – «бірлік-тірлік» деп қақсайды да, іс істесе – барлығын тентек балалардың ойынындағыдай «шілдік-білдік» қылып жіберуге шебер боп апты... Әншейінде көлеңкеде отырып пыш-пыштағанда – жұрттың бәрі де мәтіби. Ал, бетке айтуға келгенде – жан табылмай қалады!.. Олар сүйтіп жыбырлап-сыбырлап жүргенде – жаман Дүйімбайлардың бөркі дағарадай боп, бетіне қаратпай кетеді!..» дегендегі «шілдік-білдік», мәтіби деген сөздер мен жазушының «Бәйгеторысындағы»: «... Көк-теңбіл қарақшыға қара үзіп келді. Бұл жолы Бәйгеторының қасында бәйге бала мен Сейістен басқа жан қалмады... Бұрын ду көргенде – тықыршып тұра алмайтын, ағын судай асып-та-

сатын көңілі енді жиын көрсе – жан шыдатпай шамырқанатын мәңгілік шор жара түйіп кетті» деген сөйлемдерде: шор жара, түйіп кетті дегендей сөздер баршылық. мұндай сөздер ата-бабамыздан қалған көне сөздер болар. Тарихи көркем шығармаларда бұлардың болуы да керек. Осындай сөздер әр оқырманға тіл білімін жоғарылатуына тиек болып, оларға «Қазақ тілі диалектологиялық сөздігін», «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігін» немесе «Қазақ тілінің синонимдері» атты кітаптарды қарап шығуына әсерін тигізеді.

Ал енді автордың поэзия жанрына келсек:

Гүл дүкені
Қыз бен жігіт, сәби, жасы, кәрісі –
Бәрі осында ертелі – кеш келеді.
Қызыл, ағы, көгілдірі, сарысы –
Туған жердің гүлі неткен көп еді.
Албырт жігіт алабұртып қарайды,
Ару күтіп тұрған болар бақшада... –

деп төгілген өлеңі шаттыққа толы сезіммен жеткізіліп, дүниедегі ең көркем өсімдікті көркем тілмен өрнектей білген. Ә.Кекілбаев еңбектерінің көбі оптимистік рухта жазылып, адамның адамгершілігін ту етеді. Тіптен монологтары, диалогтары, одағай сөздері т.б. текстке көркемдік беріп, тілді әрлендіре түсіп, жазу стилінің ерекшелігі арқылы кейіпкерлердің ішкі әлемін, қылығын, әрекетін т.б. көркем тілмен шебер аша алады.

И.М. Қосқұлақтегінің «Бекет Ата» кітабына жазылған жазушының алғы сөзіне көңіл аударайық:

...Адалдықтан асқан құдіреттіліктің, әділеттіліктен асқан әулиеліктің болуы мүмкін бе?!

Мейірімнен асқан кие, Парасаттан асқан қасиет болушы ма еді, тәйірі?!

Ендеше, сондай асыл перзент таба алған, тауып қана қоймай, асылдығы мен абзалдығына бола Өз Перзентін өзі Пір тұтқан халқыңнан қалай айналмассың!

Ондай ұлдарын өлімге қимайтын Елдің өзі де өлмейді.

Өткендегілерінің өсиетін, тірідегілерінің арман-ниетін айырықша қастерлеп, өмірлік мұрат еткен Өнегелі Ел өліге бас игенмен, өлімге бас июші ме еді?!

Ендеше, сондай асқақ жұртының ақар-шақардың басындай тәкаппар жүрегінен мәңгілік жәннат тапқан Әлсізге Медет, Күштіге Айбар, Зарыққанға Жебеу, Тарыққанға Демеу, Асқанға Тосқан, Сасқанға Сая, Ұрпаққа Ұстаз, Ұлысқа

Ұран, Ел Иесі, Жер Киесі Пір Атаға қанша тағзым қылсаң да, артық емес деп білеміз... – деп жүрекжарды сөздер айтқан жазушының осындай ойларынан кейін киелі Бекет Ата туралы кім қандай ой жазар екен? Мұндай философиялық түйіндеу тіпті алғы сөз жанрын тудыратын керемет текст бола алады! Тіл құдіретіне бас иесін. Жай ғана онша көркемделмеген сөздердің өзінен-ақ сұрақ тудыра отырып, пафостық сезімге толтырған. Екі беттік осы алғы сөздің өзінде қаншама ой, тарих, логика жатыр. Әр көркемдік стилі әр сөйлеммен қабысып, бір-бірін толықтырып, әйгілі жазушының жазу шеберлігін айқындап тұр. Ал енді Әбіш Кекілбаевтың аудармаларына келсек ол да бір төбе. У.Шекспирдің «Ромео мен Джульетта» атты трагедиясынан үзінді алайық:

Джульетта:

- Дұшпаныма ғашық боп, өз сорыма,
Бір тағдырдың түстім ақыры торына.
Енді қайдан ашылады маңдайым
Бал орнына у аңсаса таңдайым?!

(Капулеттидің бағы. Ромео кіреді). Ромео:

- Менің қайғым оларға күлкі, әрине!
Балкондағы ағарандаған анау сәуле не болар?
Түн ауғанда шығушы еді күн қалай?
Ә, Джульетта ғой, күн емес.
Шық бері, шық
Қараң дүниеге нұрынды құй, жадыра.
Ай шұғыласы қалсын мына адыра.

Жүректі баурай бастайтын ғажап әрі түсінікті аударма. Кейіпкерлердің жан-дүниесін аша түсетін жағымды тіл! Дәп, У.Шекспирдің өзі біздің тілде жазғандай. Оқылуы да жеп-жеңіл. Содан болар, Ә.Кекілбаевтың қазақ сахналарында қойылып жатқан У.Шекспирдің «Ромео мен Джульетта» және «Король Лир» драмасына қатысқан әртістердің қуанышын, қойған режиссерлердің бақытын, сүйсініп тамашалаған көрермендердің нұрлы жүзін көрудің өзі бір ғажап. Бұл жазушының аудармада көркемдікті қалай шебер сақтап қалғанының куәсі десе де болғандай.

Қорытынды

Қазақтың әсем тілін гүлдей өріп, өзінің білімі мен ой тереңдігін әсіресе әдебиетке арнаған көрнекті жазушымыз Әбіш Кекілбаевтың әр туындысы- халық мұрасы. Қазақ тіліміз

– мемлекеттік тіліміз, рухани байлығымыз. Сондықтан да тілді жүйелі түрде пайдаланып, айтар ойларын, тарих құпияларын, заман лебін қалың оқырмандар қауымына ерекше көркемдікпен жеткізе білген, тіл байлығын аша түскен авторлардың бірі – қоғам қайраткері әрі әйгілі халық жазушысы Әбіш Кекілбаев екені сөзсіз...

Әдебиеттер

- 1 Уикипедия ашық энциклопедиясы.
- 2 КекілбаевӘ. Ханша-Дария оқиғасы. – Атамұра. 2003.

References

- 1 Wikipedia, the free encyclopedia. (In Kazakh)
- 2 KekilbaevA. Hansha-Daria okihasi. [The tale of Hansha-Daria.] Atamura, 2003. (In Kazakh)